

Алматы қаласы
Туризм басқармасы басшысының
2021 жылғы «15» ақпандағы
№ 5 бұйрығына
1 қосымша

Алматы қаласының ұсынылған гидтерді (гид-аудармашы) және экскурсоводтарды таңдау жөніндегі конкурстық құжаттама

1. Жалпы мәлімет

1.1. Осы конкурстық құжаттама конкурсқа қатысушыларға олардың конкурсқа қатысу шарттары туралы толық ақпарат беру мақсатында әзірленді және Алматы қаласының ұсынылған гидтері (гид-аудармашы) мен экскурсоводтарын таңдау жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1.2. Осы конкурстық құжаттама Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңына және аталған бағытты реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, сондай-ақ туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мақсатында әзірленді.

2. Осы конкурстық құжаттамада пайдаланылатын негізгі ұғымдар

2.1. Осы конкурстық құжаттамада келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **конкурстық құжаттама** – конкурсқа қатысуға өтінім дайындау үшін конкурсқа қатысушыға ұсынылатын құжаттама, онда конкурсты өткізудің шарттары және тәртібі қамтылады;

2) **конкурсты ұйымдастырушы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы)** – «Алматы қаласы Туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) **конкурсқа қатысушы** – уақытша болатын елдегі (жерде) туристік ресурстармен таныстыру бойынша туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызметтер көрсету үшін тиісті біліктілігі бар жеке немесе заңды тұлға;

4) **конкурстық комиссия** – осы конкурстық құжаттамада көзделген конкурсты өткізу рәсімін орындау үшін Ұйымдастырушы құратын, құрамына мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың өкілдері кіруі мүмкін алқалы орган;

5) **конкурсқа қатысуға өтінім (конкурстық өтінім)** – конкурсқа қатысушы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес ұсынған құжаттар топтамасы;

6) **гид (гид-аудармашы)** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру бойынша туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызметтер көрсететін, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;

7) **экскурсовод** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру бойынша туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызметтер көрсету үшін тиісті біліктілігі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;

8) **бейдж** – конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес туристік объектілерге кедергісіз кіруге мүмкіндік беретін карточка.

3. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

3.1. Конкурс Алматы қаласының ұсынылған гидтерін (гид-аудармашы) және экскурсоводтарын тандау мақсатында өткізіледі:

1) кәсіби деңгейде экскурсиялар/турлар өткізу дағдыларын меңгерген білікті гидтерді (гид-аудармашыларды) және Алматы қаласының экскурсоводтарын айқындау;

2) туристік қызметке көмек көрсету және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

3) кәсіби қызметті жүргізуде білікті гидтерді (гид-аудармашыларды) және экскурсоводтарды қолдау.

4. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар

4.1. Уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру бойынша туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызметтер көрсету үшін тиісті біліктілігі бар, **мынадай талаптарға сай келетін** жеке тұлғалар конкурсқа қатысуға жіберіледі:

1) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасына сәйкес гид (гид-аудармашы) және экскурсовод ретінде даярлықтан өткені туралы құжаттың болуы;

2) гид (гид-аудармашы) және экскурсовод ретінде кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі;

3) заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер (жеке тұлға) ретінде мемлекеттік тіркеудің болуы, туроператормен шарттың болуы.

5. Конкурстық өтінімді беру

5.1. Конкурстық өтінім осы конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес конкурсқа қатысуға үміткер конкурсқа қатысушының келісімін білдіру нысаны болып табылады.

5.2. Конкурсқа қатысушылар келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1) осы конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сәйкес белгіленген нысандағы конкурсқа қатысуға өтінім;

- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) оқу сағаттарының санын және экскурсиялық маршруттардың атауын көрсете отырып, гидтердің (гид-аудармашылардың), экскурсоводтардың, біліктілікті арттырудың курстарынан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі.
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген ұйымдар берген біліктілікті растау туралы сертификаттың көшірмесі;
- 5) заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер (жеке тұлға) ретінде мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, туроператормен шарттың болуы;
- 6) туризм саласында жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттар;
- 7) қатысушының еңбек жолы басталғаннан бергі еңбек қызметі туралы эссе;
- 8) 4 дана 3x4 фото (сондай-ақ электрондық нұсқада)
- 9) ұсыныс хаттар (бар болған жағдайда).

5.3. Конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімі Ұйымдастырушы конкурс өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және Ұйымдастырушының интернет-ресурсында хабарландыру орналастырған күннен бастап **15 күнтізбелік күні ішінде.**

5.4. Конкурсқа қатысушы конкурсқа қатысуға өтінімнің түпнұсқасын 1 данада дайындауы және ұсынуы тиіс. Өтінімнің түпнұсқасы басылуы немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы және Конкурсқа қатысушының қолы қойылуы тиіс.

5.5. Өтінімде қатысушыға грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай ендірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

5.6. Конкурсқа қатысушы құжаттарды қағаз нысанда тапсыру үшін осы Конкурстық құжаттаманың 5.2-тармағында көрсетілген құжаттарды конвертке желімдейді.

Конвертте конкурсқа қатысушының атауы мен мекен-жайы көрсетілуі тиіс (егер ол өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылған болса, өтінімді ашылмаған күйінде қайтару мақсатында).

Конверт конкурсты Ұйымдастырушыға келесі мекен-жай бойынша жіберілуі тиіс:

050040, Алматы қ., Байзақов к-сі, 303, 9 қабат, № 911 бөлме және мынадай сөздері болуы тиіс: «Алматы қаласының ұсынылған гидтерді (гид-аудармашыларды) және экскурсоводтарды таңдау» және **2021 жылдың «__» _____ дейін АШУҒА БОЛМАЙДЫ.**

5.7. Конкурсқа қатысушы құжаттарды электрондық нұсқада беру үшін visitalmaty.kz сайтында өтінім беру үлгісінде аталған Конкурстық құжаттаманың 5.2-тармағында көрсетілген PDF форматында құжаттарды бекітеді.

Құжаттарды электрондық нұсқада ұсынған конкурс жеңімпаздары конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға құжаттарды қағаз түрінде ұсынуы қажет.

5.8. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін алынған барлық өтінімдер қабылданбайды, ашылмайды және оларды ұсынған конкурсқа қатысушыларға қайтарылады.

5.9. Конкурсқа қатысуға өтінім берген конкурсқа қатысушылар туралы мәліметтер жария етуге жатпайды.

5.10. Конкурсқа қатысушы өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және беруге байланысты барлық шығыстарды көтереді, ал конкурсты ұйымдастырушы және конкурстық комиссия конкурстың өткізілу сипатына немесе нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстар бойынша жауап бермейді және міндеттеме алмайды.

6. Конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары

6.1. Егер конкурсқа қатысушылардың бірде-бірі конкурстық құжаттаманың барлық шарттары мен талаптарына жауап беретін өтінімді ұсынбаған жағдайда, конкурс өткізілмеді деп танылады.

6.2. Конкурстық комиссия өтінімдерді бағалайды, салыстырады және конкурс жеңімпаздарын анықтайды.

6.3. Конкурстық комиссия **конверттерді ашқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде** өтінімдерді қарайды.

6.4. Конкурстық комиссияның шешімі олардың мүшелерінің көпшілік дауысымен жай ғана қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.5. Осы конкурстық құжаттаманың 5-бөлімінің 5.2. тармақшасында көрсетілген құжаттар болмаған немесе тиісті түрде ресімделмеген жағдайда, оның ішінде қарауға ұсынылған құжаттар бойынша дұрыс емес ақпараттың анықталуы конкурстық өтінімді қабылдамауға негіз болып табылады.

6.6. Конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Комиссияның әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша баяндауға және оны хаттамаға қоса беруге құқылы, ол туралы соңында белгі қойылады. Конкурсты ұйымдастырушы хаттаманың көшірмелерін конкурсқа қатысушыларға олардан жазбаша сұранымды алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімде жібереді.

6.7. Қорытындылар хаттамасының негізінде конкурс жеңімпаздарына 3-қосымшаға сәйкес «Recommended guide by VisitAlmaty» бейдж беріледі.

6.8. Конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияға белгіленген тәртіппен конкурс шарттарын өзгертуді ұсына отырып, жаңа конкурс жариялауға құқылы. Бұл жағдайда конкурстық комиссияның құрамы өзгеріссіз қалуы мүмкін.

6.9. Конкурстық комиссияның шешімі негізінде, қорытындылар хаттамасына қол қойылған күннен бастап **10 (он) жұмыс күннен** аспайтын мерзімде Конкурсты ұйымдастырушы осы конкурстық құжаттаманың 6.7-тармағына сәйкес қабылдау-беру актісіне (2-қосымшаға сәйкес) қол қояды.

7. Конкурса қатысуға өтінімдерімен конкурстық комиссия конверттерін ашу.

7.1. Конкурстық комиссияның хатшысы өтінімдер салынған конверттерді конкурстық комиссия мүшелерінің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

7.2. Өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде конкурстық комиссияның хатшысы қатысып отырған адамдарға берілген өтінімдердің санын, конкурса қатысушылардың атауларын, өтінімге қоса берілген құжаттардың атауларын жариялайды.

7.3. Өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімінен кейін конкурстық комиссияның хатшысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашу хаттамасын жасайды, оған конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

7.4. Осы хаттаманың көшірмесі конкурса қатысушыларға беріледі не олардан жазбаша сұраным алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

7.5. Конкурса қатысушы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, өзінің өтінімін конкурс өткізудің белгіленген мерзіміне дейін кері қайтарып алуға құқылы.

Алматы қаласының ұсынылған гидтерін
(гид - аудармашы) және экскурсоводтарын
таңдау бойынша конкурстық құжаттаманың
2021 жылғы «15» ақпандағы № 5 бұйрығына
1 қосымша

үлгі

**Алматы қаласының ұсынылған гидтерін (гид-аудармашы) және экскурсоводтарын
іріктеу бойынша конкурсқа қатысуға
Өтінім**

1. Алматы қаласының ұсынылған гидтерін (гид - аудармашы) және экскурсоводтарын таңдау бойынша конкурс өткізу туралы жарияланған хабарландыруды карап

*(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
басшының немесе өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ,
сенімхат негізінде әрекет ететін*

конкурсқа қатысқысы келеді.

2. Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптарға Менің (біздің) сәйкес келмейтінім (жалға алушыға) анықталған жағдайда, мен (біз) конкурсқа қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен) келісемін (келісеміз), мен (біз) қол қойған қорытындылар хаттамасы ішінара жарамсыз деп танылатын болады.

3. Егер мен (біз) конкурс жеңімпазы(-дары) болып айқындалған жағдайда, өзіме қабылдау-беру актісіне қол қою және бейджерді пайдалану шарттарын сақтау міндеттемесін қабылдаймын.

4. Мен (біз) Алматы қаласы Туризм басқармасы ұйымдастыратын біліктілікті көтеру бойынша оқыту курстарынан өтетініме (өтетініме) келісемін.

Жеке тұлға үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ ЖСН _____

Мекен-жайы: _____

Телефон номері: _____

Жеке кәсіпкер

қолы және мөрі

ТАЖ

«__» _____ 20__ ж.

Алматы қаласының ұсынылған гидтерін
(гид - аудармашы) және экскурсоводтарын
таңдау бойынша конкурстық құжаттаманың
2021 жылғы «15» ақпандағы № 5 бұйрығына
2 қосымша


Бейждерді қабылдау-өткізу актісі

Алматы қаласының Туризм басқармасы 2021 жылғы № ____ Хаттамаға сәйкес ____
- № ____ бейдж беріледі, аты-жөні _____
_____ бейждерді қабылдайды, пайдаланудың
келесі шарттарымен келіседі:

1. Берілген бейжді нысаналы мақсаты бойынша пайдалану;
2. Бейдж жоғалған жағдайда өз қаражаты есебінен қалпына келтіру және жоғалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Алматы қаласының Туризм басқармасына жазбаша түрде хабарлау;
3. Бейжді үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге жол берілмейді. Үшінші тұлғалардың бейждерді пайдалану фактілері анықталған жағдайда, туристік объектілерді одан әрі хабардар ете отырып, конкурс қорытындыларының хаттамасы жарамсыз деп танылады.
5. Алматы қаласының беделін бұзатын, жалған ақпарат тарату фактілері анықталған жағдайда бейдж жарамсыз деп танылады.

<p>Өткіздім:</p> <p>_____</p> <p>«__» _____ 20__ ж.</p>	<p>Қабылдадым:</p> <p>_____</p> <p>«__» _____ 20__ ж.</p>
--	--

Алматы қаласының ұсынылған гидтерін
(гид - аудармашы) және экскурсоводтарын
іріктеу бойынша конкурстық құжаттаманың
2021 жылғы «15» ақпандағы № 5 бұйрығына
3 қосымша



Алматы қаласының ұсынылған гидтерін
(гид - аудармашы) және экскурсоводтарын
таңдау бойынша конкурстық құжаттаманың
2021 жылғы «15» ақпандағы № 5 бұйрығына
4 қосымша

**Бейдж ұсынылған кезде нысандарға кедергісіз қол жеткізуге мүмкіндік беретін
туристік объектілердің тізбесі**

№	Нысандардың атауы	Менен-жайы
1	<p>Алматы қаласы музейлерінің бірлестігі Алматы музейі Ықылас атындағы Халық музыкалық аспаптар музейі Д. А. Қонаев музейі Н.Тілендиев музейі С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов музейі Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы Райымбек батыр музей кешені ҚР Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі Ахмет Байтұрсыновтың музейі -үйі М. О. Әуезовтің музейі-үйі Қазақстан-Британ техникалық университетінің ғимараты</p> <p>Алматы қаласының Бас ботаникалық бағы</p> <p>Көлсай көлдері «МҰТП» Алтынемел «МҰТП» Шарын «МҰТП» «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық музейі» РММК»</p> <p>Есік мемлекеттік тарихи-мәдени қорық- музейі</p> <p><i>Кемінде 2 туристі алып жүру кезінде рұқсат</i></p>	<p>- Қабанбай батыр көшесі, 132 - Зенков к-сі, 24а</p> <p>- Төлебаев к-сі, 117 - Қонаев к - сі, 96 - М. Төлебаев көшесі, 125 - Нұркент,ш.а. 5/11 - Райымбек даңғылы - Көктем-3, 22/1 ш.а.</p> <p>- Байтұрсынов к-сі, 60 - Төлебаев к-сі 187 - Төле би к-сі, 59</p> <p>- Тимирязев, к-сі 36д</p> <p>- Алматы облысы - Алматы облысы - Алматы облысы - Алматы обл., Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ с.о., Қарабастау ауылы - Алматинская обл., Еңбекшіқазақ ауд., Рахат с. о., Өрікті с., Есік-Александровка тас жолы 6.6 км., 2</p>
2	<p>Орталық мемлекеттік музейі Ғимарат ішіне кемінде 2 турист алып жүру кезінде кіруге рұқсат</p>	<p>Самал-1,ш.а. 44</p>
3	<p>«Шымбұлақ» ТШК Кемінде 2 турист ілесіп жүрген кезде арқанды жолмен шығу және түсіру</p>	<p>Керей-Жәнібек хандар, к.640/3</p>
4	<p>«Медеу» БСК Кемінде 2 Туристің ілесіп жүруі кезінде мұз айдынына кіру</p>	<p>Керей -Жәнібек хандар,к. 465</p>
5	<p>«Көк Төбе» саябағы Кемінде 2 Туристің ілесіп жүруімен арқанды жолмен көтерілу және түсу</p>	<p>Омарова,к. 41</p>
6	<p>МАОБТ Ғимарат ішіне кемінде 2 турист алып жүру кезінде кіру</p>	<p>Қабанбай батыр, к.110</p>